

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 24 маусымда № 11426 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.06.2023 № 227 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 09.02.2022 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ұсынылған мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу Қағидаларын бекіту.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С. Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 25 мамыр

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 5 мамырдағы
№ 320 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу қағидалары

Ескерту. Қағидалардың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу және кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 4-тармағына сәйкес өзірленді және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу және кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 09.02.2022 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) адамға (отбасына) берілетін көмектің жеке жоспары (бұдан әрі – жеке жоспар) – халықты жұмыспен қамту орталығы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге жүгінген адаммен және (немесе) оның отбасы мүшелерімен бірлесіп жасаған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

3) ассистент – Халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантқа және кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне консультациялар, әңгімелесулер өткізуге, сондай-ақ әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізуге жәрдемдесу функцияларын орындағытын жұмыскері;

4) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлем төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиясы бар ұйымдар немесе "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

5) әлеуметтік бейімдеу шаралары – "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабында айқындалған мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту шараларын, өмірлік қызын жағдайда жүрген адамдарға "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көрсетіletіn арнаулы әлеуметтік қызметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көрсетіletіn өзге де мемлекеттік қолдау шараларын қамтитын іс-шаралар кешені;

6) әлеуметтік бейімсіздік – жеке адамның әлеуметтік ортамен өзара байланысының бұзылуы;

7) әлеуметтік депривация – адамның (отбасының) негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін шектеу және (немесе) одан айырылу;

8) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант (бұдан әрі – консультант) – Халықты жұмыспен қамту орталығының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға және табысы аз адамға (отбасына) оның (олардың) кедейлік шегінде болуымен байланысты жағдайдан шығуына жәрдемдесуді жүзеге асыратын жұмыскері;

9) әлеуметтік келісімшарт – жұмыссыздар, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттары қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматы не қандас, сондай-ақ "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Халықты жұмыспен қамту туралы зан) көзделген жағдайларда өзге адамдар мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы, ал Халықты жұмыспен қамту туралы занда көзделген жағдайларда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастыруға тартылған жеке және занды тұлғалармен тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындастын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы келісім;

10) Бірыңғай байланыс орталығы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша – ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындастын занды тұлға;

11) еңбекке қабілетті адам (отбасының еңбекке қабілетті мүшесі) – бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды және (немесе) екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін аурулары бар адамдарды қоспағанда, он алты жастан бастап "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында көзделген жасқа дейінгі адам немесе отбасы мүшесі;

12) жан басына шаққандағы орташа табыс – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

13) жиынтық табыс – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезінде ескерілетін табыс түрлерінің сомасы;

14) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесі (бұдан әрі – Үлгілік тізбе) – халықты әлеуметтік

қорғау саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен және әлеуметтік келісімшарт жасау кезінде пайдалану үшін ұсынылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің және әлеуметтік бейімдеудің белсенді шараларының тізбесі;

15) көрсетілетін қызметті беруші – республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың және облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары;

15-1) проактивті көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

16) табысы аз адамдар (отбасылар) – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен адамдар (отбасылар);

17) уәкілетті орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданың, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданың, аудандық маңызы бар қаланың мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органды (бұдан әрі – уәкілетті орган);

18) участекілік комиссия – "Участекілік комиссиялар туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 қантардағы № 29-т бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5562 тіркелген) бекітілген Участекілік комиссиялар туралы үлгілік ережеге сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға жүргінген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеу жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылған арнайы комиссия;

19) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия – "Кейбір үлгілік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 7 маусымдағы № 482 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13867 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 482 бұйрық) бекітілген Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия туралы үлгілік ережеге сәйкес аудан аумағында орналасқан мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдардың, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру және әлеуметтік көмек мәселелері бойынша қызметтің үйлестіруді жүзеге асыратын комиссия;

20) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өнірлік комиссия – № 482 бұйрықпен бекітілген Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өнірлік комиссия туралы үлгілік ережеге сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында орналасқан мемлекеттік органдардың және

басқа да ұйымдардың халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру және әлеуметтік көмек мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын комиссия;

21) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары – жұмыссыздар, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттары қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын және қандастарды, сондай-ақ "Халықты жұмыспен қамту туралы" Занда көзделген өзге де адамдарды Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту, мемлекеттік қолдау шаралары;

22) халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – Орталық) – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

23) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізу дің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.02.2023 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау тәртібі

3. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы (бұдан әрі - атаулы әлеуметтік көмек) Заңның 2-бабының 1-2-тармағына сәйкес жан басына шаққандағы орташа табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен аспайтын адамға немесе отбасыға шартсыз немесе шартты ақшалай көмек түрінде беріледі.

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін отбасы құрамы Заңның 4-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалады.

4. Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адам (отбасы) атаулы әлеуметтік көмек туралы ақпарат алу үшін тұрғылықты жері бойынша Орталыққа, ал

тұрғылықты жері бойынша Орталық болмаған жағдайда - кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне (бұдан әрі - әкім) жүгінеді.

Тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелмеген жағдайда, тұрғылықты жері бір елді мекен шегінде, атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген күннің алдындағы алты ай ішінде уақытша болу (тұру) орны бойынша, мынадай жағдайларды қоспағанда, тіркелумен расталады:

1) төтенше жағдайлар;

2) мынадай негіздер бойынша өмірлік қызын жағдайлар:

әлеуметтік бейімсіздік пен әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау;

үйінің болмауы (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

бас бостандығынан айыру орындарынан босау.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Орталық немесе әкім атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мақсатында өтініш берушінің Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығына уақытша тіркеуге тұруына жәрдемдеседі.

5. Адамның немесе отбасының жүгіну процесінде оған консультация беріледі, оның барысында оған:

1) мынадай ақпарат беріледі:

шартсыз және шартты ақшалай көмек алу шарттары туралы;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына және (немесе) әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына қатысу шарттары туралы;

әлеуметтік келісімшарт жасасу қажеттілігі, әлеуметтік келісімшартқа қатысушы тараптардың міндеттемелері және әлеуметтік келісімшартты бұзу шарттары туралы;

Заның 2-бабы 2-тармағының 2) 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін өзгерту және (немесе) тоқтата тұру шарттары туралы, алты айға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау құқығынан айыру туралы;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен сұратылатын мәліметтер тізбесі;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріндегі жоқ мәліметтерді растайтын құжаттар беру мүмкіндігі туралы;

2) адамның немесе отбасының жан басына шаққандағы орташа табысын және атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін алдын ала есептеу жүргізіледі.

Консультацияны Орталықтарда консультанттар, ал адам әкімге жүгінген жағдайда ассистенттер береді.

6. Консультация беру нәтижелері бойынша адам немесе отбасы (бұдан әрі – өтініш беруші) өз тарапынан немесе отбасының атынан осы Қағидаларға 1-косымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш береді.

Бұл ретте, өтініш берушіде сәйкестендіру үшін өзімен бірге қағаз жеткізгіштегі жеке басын қуәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке қуәлігі (паспорты), Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктің тұруға ыхтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның қуәлігі, босқын қуәлігі), қандастар қуәлігі не оның орнына сәйкестендіру үшін ол цифрлық құжаттар сервисінде болған жағдайда электрондық құжат болуы қажет.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын бірге тұратын еңбекке қабілетті отбасы мүшелері өтінішке Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 259 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17199 болып тіркелген) бекітілген жұмыс ізден жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және халықты жұмыспен қамту орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жұмыс ізден жүрген адам ретінде тіркеуге өтінішті қосымша береді.

Он алты жасқа толмаған адамның атынан ата-анасының немесе занды өкілдерінің біреуінің еңбек қызметін жүзеге асыруға келісу туралы еркін нысандары жазбаша өтініші беріледі.

Өтініш беруші атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін портал арқылы жүгінеді.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау туралы өтінішті ұсыну оны "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындау кезінде талап етілмейді.

Участекілік комиссияның адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуға адамның (отбасының) келісімі атаулы әлеуметтік көмекті проактивті форматта тағайындауды қарау үшін негіз болып табылады.

Участекілік комиссия адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуға келісім алған күн проактивті көрсетілетін қызмет арқылы атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш берген күн болып есептеледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.02.2023 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Өтініш қабылдау кезінде Орталық немесе әкім өтініш берушінің қатысуымен "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) сұрау салуды дербес келесі мәліметтерді алу үшін қалыптастырады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын қуәландыратын;
- 2) қандас мәртебесі туралы;
- 3) босқын мәртебесі туралы;
- 4) шетелдік мәртебесі туралы;
- 5) азаматтығы жоқ адам мәртебесі туралы;
- 6) отбасының әрбір мүшесіне тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы;
- 7) жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік деректемелер туралы;
- 8) мүгедектік белгілеу туралы;
- 9) баланың (барлық балаларға) тууын (қайтыс болуын) тіркеу туралы;
- 10) қорғанышылық (қамқоршылық) белгілеу туралы;
- 11) бала асырап алу туралы;
- 12) некені (ерлі-зайыптылықты) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркеу жағдайларын қоспағанда, неке (ерлі-зайыптылықты) қиуды (некені бұзуды) тіркеу туралы;
- 13) егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі асырауындағылар күндізгі оқу нысанының білім алушылары болып табылса - оқу орнында оқу фактісі туралы;
- 14) табыс туралы (жалақы, әлеуметтік төлемдер, кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті жалға беруден, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті сатудан түскен табыстар);
- 15) дара кәсіпкердің мәртебесі туралы;
- 16) өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактісінің болуы туралы;
- 17) жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы;
- 18) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін еңбек қызметі туралы (бар болса);
- 19) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының (бар болса) болуы туралы;
- 20) атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінер алдындағы үш ай қатарынан алимент туралы және (немесе) берешектің болуы туралы;

- 21) өтініш берушінің отбасы мүшелерінің бас бостандығынан айыру немесе мәжбүрлеп емдеу орындарында болуы туралы;
- 22) меншігінде тұрғын үй, үй-жайдың болуы туралы;
- 23) меншігінде жеке тұрғын үй құрылышына арналған жер участекінің болуы туралы;
- 24) меншігінде автокөлік құралының болуы туралы.

Өтініш беруші портал арқылы жүгінген кезде электрондық өтінішті қалыптастыру үшін қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады.

Растайтын мәліметтерді алған кезде портал арқылы сұрау салуды жүзеге асырған өтініш беруші өзінің ЭЦҚ-сымен қуәландырады және портал уәкілетті мемлекеттік органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы электрондық өтінішті жібереді.

Өтініш беруші талап етілетін құжаттарды берген кезде өтініш берушінің "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармақ жана редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-1. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін ұсынылған "портал" арқылы келіп түсken электрондық өтініш мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

- 1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;
- 2) атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау, төлеу, сондай-ақ тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы;
- 3) отбасының барлық мүшелерінде бір елді мекен шегінде тұрғылышты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркелуінің болуы.

Жоғарыда келтірілген параметрлер бойынша тексерудің он нәтижесі болған кезде өтінішті өндөуге арналған кіріс хабарламалар журналына ауыстыру жүргізіледі.

Атаулы әлеуметтік көмекті проактивті форматта тағайындау үшін әлеуетті алушыларды айқындау адамның (отбасының) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алған мәліметтер бойынша анықталған атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін талаптарға сәйкес келген кезде жүзеге асырылады.

Атаулы әлеуметтік көмекті проактивті форматта тағайындау үшін мобиЛЬДІ азаматтар базасында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі тіркелген болуы, көрсетілетін қызметті алушының участекілік комиссияға келуге келісімі

және көрсетілетін қызметті алушының sms-хабар арқылы сұрау салу арқылы алынған атаулы әлеуметтік көмекті төлеу жөніндегі уәкілетті үйымды тандауы қажет.

Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.02.2023 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.

8. Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтініш беруші осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мемлекеттік органның немесе үйымның тиісті ақпараттық жүйелерінде жоқ мәліметтерді растайтын құжаттарды береді, ал өтініш берушінің ондай мүмкіндігі болмаған кезде тұрғылықты жері бойынша Орталық, ауылдық жерде – әкім тиісті мемлекеттік органға және (немесе) үйымға жазбаша сұрау салуды ресімдейді.

Портал арқылы электрондық өтініш келіп түскен кезде Орталық осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мәліметтерді алу үшін тиісті ақпараттық жүйелерге сұрау салуларды қалыптастырады, тиісті мемлекеттік органдарға және (немесе) үйымдарға жазбаша сұрау салуларды ресімдейді.

Мемлекеттік органдарға немесе үйымдарға сұрау салуды ресімдеген кезде тиісті мемлекеттік органдарға және (немесе) үйымдарға сұрау салу жүзеге асырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіні жазбаша хабардар ету арқылы құжаттар топтамасын немесе ҚЭТ-ты қалыптастыру мерзімі сұрау салуға жауап алғанға дейін, бірақ құнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге дейін ұзартылады.

Мемлекеттік органдар мен үйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінде жоқ мәліметтерді растайтын өтінішті және құжаттарды үшінші тұлғалардың атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін беруі атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар адамның нотариат куәландырыған сенімхаты бойынша жүзеге асырылады.

Өтініш беруші құжаттарды салыстырып тексеру үшін көшірмелерде және түпнұсқаларда ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.

9. Өтініш беруші осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды қағаз жеткізгіште өз бастамасы бойынша ұсынады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Өтініш берушінің өтінішін қараған кезде әкім немесе Орталық:

1) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін ақпараттық жүйелерден алынған, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан жазбаша түрде алынған мәліметтердің, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді;

2) тиісті мемлекеттік органдардан жазбаша түрде ұсынылған құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттарды сканерлейді. Құжаттардың электрондық көшірмелері әкімнің немесе Орталық маманының электрондық цифрлық қолтанбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылады.

Құжаттарды сканерлеу мүмкіндігі болмаған жағдайда алынған құжаттарды көшіруді жүзеге асырады. Құжаттардың қағаз көшірмелері әкімнің немесе Орталық маманының қолымен куәландырылады, одан кейін өтініш берушіден алынған құжаттардың түпнұсқалары үзбелі талонмен бірге оған қайтарылады;

3) сканерлеу (көшіру) сапасын және құжаттардың электрондық және (немесе) қағаз көшірмелерінің осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарына сәйкес алынған түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

4) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.05.2020 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Әкім немесе Орталық осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға өтінішті қабылдаудан мынадай:

мемлекеттік органдардың және ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш берушінің тапсырған құжаттарының қолдану мерзімі өтіп кеткенін және (немесе) дұрыс емес екенін белгілеген;

акпараттық жүйелерде атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, төлеу немесе өтініш беру фактілерін растайтын мәліметтер болған жағдайларда бас тарту туралы дереу қолхат береді.

12. Өтініш беруші атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін талаптарға сәйкес болған кезде:

1) әкім бір жұмыс күні ішінде:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті тіркеу журналында өтінішті тіркейді және өтініш берушіге өтінішке ұзбелі талон береді. Ақпараттық жүйелерге қолжетімділік болған кезде – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті тіркеудің электрондық журналында тіркейді;

Осы Қағидалардың 6, 7 және 8-тармақтарда көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды қамтитын құжаттар топтамасын (бұдан әрі - құжаттар топтамасы) немесе атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін құжаттардың электрондық топтамасын (бұдан әрі - ҚЭТ) қалыптастырады және оны тиісінше өзінің қолымен немесе ЭЦҚ арқылы куәландырады.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сұрау салуды ресімдеген кезде тиісті мемлекеттік органдарға және (немесе) ұйымдарға сұрау салу жүзеге асырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш иесін жазбаша хабардар ету арқылы құжаттар топтамасын немесе ҚЭП-ты қалыптастыру мерзімі сұрау салуға жауап алғанға дейін, бірақ күнтізбелік 30 күннен артық емес күнге дейін ұзартылады;

өтініш қабылданғаннан кейін өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша участекелік комиссияның қорытындысын дайындау үшін оны және қалыптастырылған құжаттар топтамасын участекелік комиссияға береді;

Әкім участекелік комиссияның қорытындысын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей участекелік комиссияның қорытындысын қоса бере отырып, өтініш берушінің құжаттар топтамасын Орталыққа береді;

2) Орталық бір жұмыс күні ішінде:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті тіркеудің электрондық журналында өтінішті тіркейді және өтініш берушіге өтінішке ұзбелі талон береді. "Портал" арқылы не проактивті форматта келіп түскен электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 3.1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштерді тіркеудің электрондық журналында тіркеледі;

еңбекке қабілетті отбасы мүшелерін, олардың өтініштері бойынша "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес жұмыс ізден жүрген адам ретінде тіркейді;

өтініш берушінің құжаттар топтамасын немесе ҚЭП-ын қалыптастырады және оны өзінің қолтаңбасымен немесе тиісінше ЭЦҚ арқылы куәландырады;

Мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сұрау салуды рәсімдеген кезде тиісті мемлекеттік органдарға және (немесе) ұйымдарға сұрау салу жүзеге асырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш иесін жазбаша сұрау салумен хабардар ету арқылы құжаттар топтамасын немесе ЭҚП қалыптастыру пакетін өзірлеу мерзімі сұрау салуға жауап алғанға дейін, бірақ күнтізбелік 30 күннен артық емес күнге дейін ұзартылады;

өтінішті қабылдағаннан кейін өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша участекелік комиссияның қорытындысын дайындау үшін оны және қалыптастырылған құжаттар топтамасын участекелік комиссияға береді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.02.2023 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.

13. Участекелік комиссия әкімнен немесе Орталықтан атаулы әлеуметті көмек тағайындауға өтінішті, құжаттардың электрондық көшірмелерін, мемлекеттік органдар мен (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінде болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттардың көшірмелерін алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, оның нәтижесі бойынша қорытынды дайындалап, оны әкімге немесе Орталыққа береді.

Өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру өтініш берушінің, ал ол болмаған жағдайда - отбасының кәмелетке толған әрекетке қабілетті мүшелерінің біреуінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Қорытындыға участекелік комиссияның мүшелері қол қояды және өтініш берушіге, ал ол болмаған жағдайда, оның қатысуымен тексеру жүргізілген отбасының кәмелетке толған әрекетке қабілетті мүшесіне қарау үшін ұсынылады

•

Өтініш берушінің, ал ол болмаған жағдайда - отбасының кәмелетке толған әрекетке қабілетті мүшелерінің біреуінің тексеру жүргізуден бас тартуы участекелік комиссия мүшелерінің көпшілігі қол қоятын хаттамада тіркеледі.

Өтініш беруші күнтізбелік бір жыл ішінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға қайта жүгінген кезде тексеру жүргізу өтініш беруші ұсынған мәліметтерді нақтылау қажеттілігі, сондай-ақ өтініш берушінің (отбасының) тұрғылықты жері (бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде), құрамы мен табысы өзгерген жағдайларда ғана күнтізбелік бір жыл ішінде жүзеге асырылады.

14. Орталық мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алған мәліметтердің, тиісті мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан алған жазбаша түрдегі құжаттардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық тиісті жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттардың немесе әкімнен алған құжаттар топтамасының және участекелік комиссия қорытындысының негізінде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрін айқындайды: шартсыз немесе шартты ақшалай көмек;

2) адамның (отбасының) жиынтық табысын "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-е бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5757 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесіне (бұдан әрі – Жиынтық табысты есептеу ережесі) сәйкес атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген тоқсан алдындағы тоқсан үшін есептейді.

Адамға (отбасына) берілетін атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін уәкілетті орган жан басына шаққандағы орташа табыс пен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген отбасы мүшелерінің әрқайсысына қарай белгіленген кедейлік шегінің арасындағы айырма түрінде есептейді.

Бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі балаларға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезеңіне әр балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем төленеді.

Қажет болған жағдайда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары өнірлердің ерекшеліктерін ескере отырып, үй малын, құсын және жер участекесін (жер үлесін) табыс бермейді деп айқындайды;

3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (төлем мөлшерін өзгерту, төлемді тоқтата тұру, төлемді тоқтату, тағайындаудан бас тарту) туралы шешімінің электрондық жобасын (бұдан әрі – шешім жобасы) дайындауды, оған ҚЭТ қалыптастыруды тікелей жүзеге асыратын Орталық маманы ЭЦК-сы арқылы, Орталық құрылымдық бөлімшесінің басшысы және Орталық басшысы қол қояды;

4) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық шешім жобасын атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға өтініштерді электрондық тіркеу журналында тіркеуді жүзеге асырады;

5) уәкілетті органға ҚЭТ-ты және құжаттар топтамасын береді.

Шартты ақшалай көмекті айқындаған жағдайда Орталық мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтер (құжаттар), тиісті мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан алынған жазбаша түрдегі құжаттар, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінде мәліметтердің немесе әкімнен құжаттар топтамасының және участекі комиссияның қорытындысының болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттар негізінде оларды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде:

1) жұмыспен қамтылмаған еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің санын айқындаиды;

2) "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңың 4-бабына сәйкес отбасы құрамына кіретін бірге тұратын жұмыспен қамтылмаған еңбекке қабілетті мүшелерді Халықты жұмыспен қамту туралы заңың 13-бабына сәйкес жұмыс іздел жүрген адамдар ретінде тіркейді;

3) алынған мәліметтер мен құжаттарды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өнірлік комиссияға:

шартты ақшалай көмектің біржолғы төлемі;

ұсынылуы туралы шешім уәкілетті органның құзыretі шегінен шығатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын және әлеуметтік бейімдеу шараларын көрсету кезінде шартты ақшалай көмек тағайындауды келісу үшін береді.

Аудандық (қалалық) немесе өнірлік комиссияның шешімдері участекі комиссияның қорытындысын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді және оларды қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өнірдің халықты жұмыспен қамту орталығына жіберіледі.

Участекі комиссияның қорытындысын немесе әкімнен участекі комиссияның қорытындысы бар құжаттарды, сондай-ақ қажет болған жағдайда халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өнірлік комиссияның ұсынымдарын алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығы жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімдеу шараларын қамтитын жеке жоспар жасайды және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік келісімшарт жасайды.

Әлеуметтік келісімшартта осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесінде ұсынылған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімдеу шараларын орындау жөніндегі тараптардың міндеттемелері және олар орындалмаған жағдайда қабылданатын шаралар жазылады.

Орталық әлеуметтік келісімшарт жасалған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде:

1) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссияның ұсынымдарын, сондай-ақ тараптар қол қойған әлеуметтік келісімшартты қоса алғанда, ҚӘТ-ты қоса бере отырып, электрондық шешім жобасын атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін уәкілетті органға;

2) өтініш берушіге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘПК) 73-бабына сәйкес алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті тағайындау немесе көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарлама, сондай-ақ тындау өткізілетін уақыт пен орын жібереді.

Орталық өтініш берушінің алдын ала шешімге қарсылығын оны жіберген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Уәкілетті орган Заңның 4-бабының 8-тармағына сәйкес ҚӘТ-ты немесе қағаз жеткізгіштегі құжаттар топтамасын және электрондық шешім жобасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) тиісті органдардан және (немесе) ұйымдардан немесе өтініш берушіден қағаз түрінде алынған және (немесе) ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтердің толықтығын және дәйектілігін тексереді. Қажеттігіне қарай тиісті мемлекеттік органдарға, уәкілетті ұйымдарға және орталық мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне өтініш беруші ұсынған мәліметтерді нақтылау үшін сұрау салуларды жүзеге асырады. Бұл ретте атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (төлем мөлшерін өзгерту, тағайындаудан бас тарту және төлемді тоқтату) туралы шешім қабылдау мерзімі ол туралы өтініш берушіні тиісті органдарға және (немесе) ұйымдарға сұрау салу жүзеге асырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар ете отырып уәкілетті орган басшысының немесе оның міндеттін атқарушы адамның шешімі бойынша күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартылады;

2) таңдалған атаулы әлеуметтік көмек түрінің, жиынтық табысын есептеудің және Орталық жүргізген адамның (отбасының) атаулы әлеуметтік көмекті есептеуінің дұрыстығын тексеруді;

3) ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық еместігі және дәйексіздігі және атаулы әлеуметтік көмек түрін таңдау, жиынтық табысты есептеу және адамға (отбасына) атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін есептеу кезінде қателер табылған жағдайда ҚӘТ-ты және электрондық шешім жобасын пысықтауға қайтаруды;

4) өтініш берушіні алдын ала шешім бойынша тыңдау нәтижесін ескере отырып, атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдауды (төлем мөлшерін өзгерту, төлемді тоқтата тұру, төлемді тоқтату, тағайындаудан бас тарту) жүзеге асырады (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім), бұл туралы жазбаша, Орталық немесе әкім арқылы немесе ұялы байланыс желілеріндегі абоненттік нөмірге хабарлама жіберу арқылы өтініш берушіні, ал бас тартылған жағдайда оның себептерін көрсете отырып, хабардар етеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 23.12.2021 № 487 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

16. Атаулы әлеуметтік көмек:

1) табысы аз адамдар болып табылмайтын адамдарға (отбасыларға);

2) Заңның 2-бабының 6-тармағында көрсетілген, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан адамдарды қоспағанда, отбасына - еңбекке қабілетті мүшесі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан күннен бастап алты ай ішінде;

3) бұрын жасалған әлеуметтік келісімшарт бұзылған және (немесе) әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелер алушының кінәсінен орындалмаған жағдайда адамға (отбасына) - атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінер алдындағы алты ай ішінде;

4) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін көрінеу жалған ақпарат және (немесе) дәйексіз құжаттар ұсынған адамдарға (отбасыларға) ұсынған күнінен бастап алты ай ішінде;

5) участекілік комиссияның материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша дайындалған қорытындысына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге мүқтаж емес адамдарға (отбасыларға) тағайындалмайды.

Осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес бұдан бұрын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысудан бас тартқан еңбекке қабілетті отбасы мүшесінің қайтыс болуына немесе әлеуметтік келіссімшартта көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде оның кінәсінен бұдан бұрын жасалған әлеуметтік келісімшарттың бұзылуының туындауына, атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін көрінеу жалған ақпарат және (немесе) дәйексіз құжаттар беруіне байланысты отбасы құрамы өзгерген жағдайда отбасы осы Қағидаларға белгіленген алты айлық мерзім өткенге дейін атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінеді.

17. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау немесе бас тарту туралы шешімге ЭЦҚ-ны қолдана отырып, уәкілетті органның басшысы немесе оның міндеттерін атқаратын адам қол қояды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Орталық электрондық шешім жобасы және ҚӘТ пысықтауға қайтарылған кезде үш жұмыс күні ішінде:

1) құжатта көрсетілген мәліметтерді өтініш берушіден немесе әкімнен нақтылайды;

2) адамның (отбасының) жиынтық табысын және атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін есептеуді жүргізеді;

3) пысықталған ҚӘТ-ты және электрондық шешім жобасын осы Қағидалардың 14-тармағында айқындалған тәртіппен нақтыланған мәліметтермен уәкілетті органға жібереді.

19. Орталық уәкілетті орган атаулы әлеуметтік көмек тағайындау немесе олардан бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушінің өзіне немесе әкім арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаны береді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19-1. Атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылатын адамға өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ұсынылады.

Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" және "Электрондық үкімет" порталының мобильдік қосымшасында қолжетімді.

Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат, ол туралы мәліметтер сұратылып отырған адамның келісімі болған жағдайда, портал арқылы жіберілетін жеке тұлғалардың сұрау салуы бойынша ұсынылады.

Мәлімет сұралатын адам сұрау салуды алған сәттен бастап 2 (екі) сағат ішінде порталдағы "жеке кабинет" арқылы не мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы оның (оның отбасының) жеке тұлғаларға атаулы әлеуметтік көмек алушыларға

тиесілігін растайтын ақпаратты ұсынуға өзінің келісімін не келіспеушілігін бір реттік парольді пайдалана отырып портал хабарламасына жауап ретінде білдіреді.

"Порталда" жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Келісім алғаннан кейін өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат сұрау салуды жүзеге асырған жеке тұлғаның "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 19-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.05.2020 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Атаулы әлеуметтік көмек және бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлемді төлеуді уәкілетті орган Мемлекеттік корпорация арқылы атаулы әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның банктік шоттарына немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 қыркүйектегі № 619 қаулысымен бекітілген бюджет қаражаты және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен электрондық ақша түрінде аударылатын жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызу, есепке алу мен пайдалану, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмектің пайдаланылуын мониторингтеу қағидалары мен ерекшеліктеріне сәйкес электрондық ақшаның электрондық әмияндарына электрондық ақшамен аудару жолымен жүргізеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Жүгінер алдындағы тоқсандағы жан басына шаққандағы орташа табыс және тағайындалған атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері мынадай жағдайларда қайта есептеледі:

отбасы құрамы өзгерген - отбасы құрамы өзгерген күннен бастап;

өтініш берушінің жалған мәліметтер және (немесе) дәйексіз құжаттар ұсынуын қоспағанда, отбасының жиынтық табысын айқындау кезінде есепке алынбаған фактілер немесе мәліметтер анықталған жағдайда - атаулы әлеуметтік көмекке жүгінген айдан бастап.

Атаулы әлеуметтік көмек алушы атаулы әлеуметтік көмек мөлшерінің немесе оны алу құқығының өзгеруіне негіз болатын мән-жайлар туындаған күннен

бастап он жұмыс күні ішінде Орталықты, ал ауылдық жерде әкімді аталған мән-жайлар туралы хабардар етеді.

Алушы атаулы әлеуметтік көмек мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақытында хабардар етпеген кезде, көмек мөлшері көрсетілген мән-жайлар туындаған сәттен бастап, бірақ оны тағайындау күнінен ерте емес қайта есептеледі, ал өтініш берушінің атаулы әлеуметтік көмекті заңсыз тағайындауға және (немесе) төлеуге алып келген жалған мәліметтер және (немесе) дәйексіз құжаттар ұсынғаны анықталған жағдайда адамға (отбасыға) атаулы әлеуметтік көмек төлеу тоқтатылады.

22. Атаулы әлеуметтік көмек түрінің (шартты немесе шартсыз ақшалай көмек) өзгеруіне негіз болатын мән-жайлар туындаған жағдайда алушы құнтізбелік 10 күн ішінде Орталықты, ал ауылдық жерде әкімді аталған мән-жайлардың туындауы туралы хабардар етеді.

Бұрын тағайындалған атаулы әлеуметтік көмекті төлеу қолданыстағы тәртіп бойынша ағымдағы тоқсанның соңына дейін қайта қараусыз жүргізіледі.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау туындаған мән-жайларды ескере отырып осы Қағидаларда белгіленген мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жаңа өтініш берген кезде жүзеге асырылады.

1-параграф. Шартсыз ақшалай көмек тағайындау тәртібі

23. Шартсыз ақшалай көмек жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу мүмкіндіктері шектеулі табысы аз адамдарға (отбасыларға) көрсетіледі. Оларға:

1) жалғызлікті және жалғыз тұратын табысы аз:

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар;

бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;

екі айдан астам мерзімге уақытша еңбекке қабілетсіздік белгіленетін аурулары бар адамдар;

2) құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе жалғыз еңбекке қабілетті мүшесі үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж, сексен жастан асқан қартқа күтімді жүзеге асыратын табысы аз отбасыларға көрсетіледі.

Шартсыз ақшалай көмек өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады және ай сайын төленеді.

16-тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген адамдар (отбасылар) үшін атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін қайтадан өтініш берілген жағдайда

атаулы әлеуметтік көмек өтініш берген күннен бастап алты ай мерзім өткеннен кейін тағайындалады.

Ескерту. 23-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 05.08.2022 № 291 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Шартты ақшалай көмек тағайындау тәртібі

24. Шартты ақшалай көмек жалғызлікті немесе жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, сондай-ақ өз құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері), оның ішінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 қыркүйектегі № 619 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет қаражаты және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен электрондық ақша түрінде аударылатын жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызу, есепке алу мен пайдалану, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмектің пайдаланылуын мониторингтеу қағидалары мен ерекшеліктеріне сәйкес электрондық ақшаның электрондық әмияндарына электрондық ақшамен әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысқан жағдайда көрсетіледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 09.02.2022 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Шартты ақшалай көмекті тағайындау шарты:

әлеуметтік келісімшарт жасасу, онда тараптардың жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары мен әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысуы бойынша тараптардың міндettемелері көрсетіледі;

табысы аз отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына және әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысуы.

26. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу табысы аз отбасының мынадай мүшелеріне:

бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

құндізгі оқу бөлімінің оқушыларына, студенттеріне, тыңдаушыларына, курсанттарына, магистранттарына, интерндеріне, докторанттарына, аспиранттарына;

екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін аурулары бар адамдарға;

үш жасқа дейінгі балаға күтімді жүзеге асыратын ата-ананың біреуіне, мүгедектігі бар балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, бөгде

адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж, сексен жастан асқан қарттарға күтімді жүзеге асыратын адамдарға;

тұрақты жұмысы бар адамдарға шартты ақшалай көмек төлеу үшін міндетті шарт болып табылмайды.

Үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, бөгде адамның күтіміне және көмегіне мұқтаж сексен жастан асқан қарттарға күтімді жүзеге асыраушыға отбасының еңбекке қабілетті бір ғана мүшесі жатқызылуы мүмкін.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 23.12.2021 № 487 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 05.08.2022 № 291 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

27. Орталық бос жұмыс орындары пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгендерге, еңбекке қабілетті адамдарға немесе отбасының еңбекке қабілетті мүшелеріне бос жұмыс орындары (лайықты жұмыс) туралы хабарлама жібереді, оларға жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетеді, сондай-ақ әлеуметтік кәсіптік бағдарлау және кәсіптік оқыту бойынша қызметтер көрсетеді.

Хабарлама тіркелген еңбекке қабілетті адамдарға немесе еңбекке қабілетті отбасы мүшелеріне тікелей ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы беріледі.

Лайықты жұмыс болмаған жағдайда, Орталық "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын ұсынады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 09.02.2022 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Жұмыс іздеп жүрген адам немесе жұмыссыз ретінде тіркелген еңбекке қабілетті адамдар олардың біліктілігі, білім деңгейі немесе лайықты жұмыстың көлік қолжетімділігіне сәйкес келмеуіне байланысты ұсынылған жұмыстан бас тартқан кезде Орталық "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын ұсынады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 09.02.2022 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Еңбекке қабілетті адамдар лайықты жұмыстан немесе жұмысқа орналасуға ықпал ету шараларынан бас тартқан жағдайда, еңбек қызметін

дәлелсіз себептермен тоқтатқан немесе жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқан кезде, сондай-ақ әлеуметтік келісімшартты іске асырудың ай сайынғы мониторингі барысында ассистент (консультант) айқындаған әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелер орындалмаған кезде Орталық әлеуметтік келісімшартты сүйемелдеу туралы консультанттың жауабын алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік келісімшарт міндеттемелерінің бұзылуы туралы қорытынды дайындауды;

2) адамға (отбасына) шартты ақшалай көмек төлеуді тоқтату туралы электрондық шешім жобасын қалыптастырады;

3) әлеуметтік келісімшарт міндеттемелерінің бұзылуы туралы қорытындыны қоса алғанда, шартты ақшалай көмек төлемін тоқтату туралы электрондық шешім жобасын осы Қағидалардың 14-тармағының 3) және 4) тармақшаларында айқындалған тәртіппен уәкілетті органға жібереді.

30. Уәкілетті орган адамға (отбасыға) төленетін шартты ақшалай көмекті тоқтату туралы шешімді осы Қағидалардың 15 және 17-тармақтарында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылдайды.

31. Орталық, уәкілетті орган шартты ақшалай көмек мөлшерін өзгерту туралы, шартты ақшалай көмек төлемін тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушінің өзіне немесе әкім арқылы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек төлемін.

32. Әлеуметтік келісімшартты іске асырудың мониторингі ай сайын жүргізіледі:

ауданда (қалада) - консультант;

ал ауылдық жерде - ассистент жүргізеді.

Әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мониторингі мыналардың:

ақпараттық жүйелерден әлеуметтік төлемдердің түскені туралы және "Еңбек нарығы" ААЖ жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын көрсету барысында түскен деректер;

біржолғы ақшалай көмек қарожатының нысаналы пайдаланылуын растайтын отбасының еңбекке қабілетті мүшесі беретін құжаттар негізінде жүргізіледі.

Ассистент (консультант) әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттеменің орындалмағаны туралы фактіні анықтаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ол туралы Орталыққа хабарлайды.

Орталық және уәкілетті орган осы Қағидалардың 29, 30-тармақтарында көзделген шараларды қабылдайды.

33. Ассистент ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 3 күніне дейінгі мерзімде консультантқа "Атаулы әлеуметтік көмек саласындағы есепті құжаттамалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 10 тамызыдағы № 347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17319 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 347 бұйрық) 11-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бойынша ассистенттің әлеуметтік келісімшартты сүйемелдеуі туралы есептік кезеңге елді мекендер бойынша ай сайынғы есепті ұсынады.

Консультант ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 күніне дейінгі мерзімде № 347 бұйрығына 12-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бойынша әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттың әлеуметтік келісімшартты сүйемелдеуі туралы есептік кезеңге ай сайынғы есепті ұсынады.

3-тарау. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі

34. Уәкілетті орган атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау туралы шешімнің және бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлемнің негізінде атаулы әлеуметтік көмек төлеуге арналған АӘК тағайындалған сомаларын және бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлемді ағымдағы жылдың сонына дейін бюджет қаражатына қажеттілікке қосуды қамтамасыз етеді.

Алушыға атаулы әлеуметтік көмекті және бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы төлемді төлеу атаулы әлеуметтік көмек, бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы төлемді төлеуге қажеттілік сомасы туралы өтінімге сәйкес уәкілетті органның шешімі негізінде Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Қажеттілік сомасы туралы өтінімді Мемлекеттік корпорация әр айдың бірінші жұмыс күнінде қалыптастырады.

Мемлекеттік корпорация қажеттілік қалыптасқаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға атаулы әлеуметтік көмек, ай сайынғы қосымша төлем төлеуге қажеттілік сомасы туралы өтінімді жібереді.

Уәкілетті орган атаулы әлеуметтік көмек, бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлем сомасы туралы өтінім келіп түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде есепті кезеңге Мемлекеттік корпорацияға атаулы әлеуметтік көмек, бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға төленетін ай сайынғы қосымша төлемді қажеттілік сомасы туралы өтінімде көзделген сомалар шегінде ақшалай аударады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Мемлекеттік корпорация:

трансфертер түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде төлем кестесіне сәйкес МТ 102 форматында төлем тапсырмаларын қалыптастырады және алушылардың банк шоттарына төлеуді жүзеге асырады;

ағымдағы айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияның шотына келіп түскен атаулы әлеуметтік көмектің, бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлемнің артық есептелген (төленген) сомаларын уәкілетті органға аударады;

есепті айдан кейінгі әрбір айдың 20-күнінен кешіктірмей уәкілетті органмен атаулы әлеуметтік көмек төлеуге бөлінген қарожат және бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлем бойынша салыстыру актісіне қол қояды.

Төленген сомалар бойынша Мемлекеттік корпорация мен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті және бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлемді төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар арасында ай сайын салыстыру актілері жасалады.

Атаулы әлеуметтік көмекті және бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлемді төлеуге байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу Мемлекеттік корпорация мен уәкілетті органдар арасында заңнамада белгіленген тәртіппен жасалатын шарт негізінде жергілікті бюджеттер қарожаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Атаулы әлеуметтік көмекті алу мақсатында өтініш берушінің жалған ақпараты және (немесе) дұрыс емес мәліметтерін көрсететін фактілер мен мәліметтер анықталған жағдайда, орталық немесе әкім ауылды жерде тиісті фактілер немесе мәліметтер анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органды жазбаша түрде хабардар етеді.

Артығымен төленген немесе негіzsіz төленген сомалар туралы фактілер белгіленген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті орган атаулы әлеуметтік көмек алушыға атаулы әлеуметтік көмекті ерікті түрде қайтару туралы жазбаша хабарлама жібереді. Хабарлама жіберілген күннен бастап атаулы әлеуметтік көмек төлеу тоқтатылады.

Атаулы әлеуметтік көмек алушы артығымен төленген немесе негіzsіz төленген соманы ерікті түрде толық көлемде алушыға хабарлама жіберілген

күннен бастап бір айлық мерзімде қайтармаса, уәкілетті орган артығымен төленген немесе оған негіzsіz төленген соманы қайтару бойынша сот тәртібімен шаралар қабылдайды. Сотқа арыз атаулы әлеуметтік көмек алушының тұрғылықты жері бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексінде көзделген тәртіппен беріледі.

Атаулы әлеуметтік көмек алғаннан кейін артық төленген сомалар кейінгі төлемдерден ұсталады.

Алушының көшуіне байланысты басқа өnіrde атаулы әлеуметтік көмекті одан әрі алған жағдайда, артық төленген сома атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау орны бойынша тағайындалған сомадан ұсталады.

Егер алушы заңсыз алған атаулы әлеуметтік көмектің сомасын немесе оның бір бөлігін тиісті бюджетке қайтарса, онда өтініш берушінің жалпы қарызы қайтарым сомасына азаяды және атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған және төленген ақпараттық жүйеде тіркелуі керек. Ол үшін өтініш беруші жұмыспен қамту орталығына, ал ауылдық жерлерде - ауылдық округтің әкіміне - ақпараттық жүйеге сканерден өткізіліп, енгізілген, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін маманның ЭЦҚ қол қойылады, ол растау құжатын қабылдап, сканерленген көшірмесін ақпараттық жүйеге жүктейді, сондай-ақ жұмыспен қамту орталығы басшысының немесе әкімнің ЭЦҚ-сы, содан кейін бұл жазба түзету құқығынсыз ақпараттық жүйеде сақталады.

Егер өтініш білдіруші немесе мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым атаулы әлеуметтік көмектің заңсыз алған сомасын Мемлекеттік корпорацияға қайтаруды жүзеге асырса, онда Мемлекеттік корпорация қайтарылған сомаларды уәкілетті органға ағымдағы айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4 тарау. Бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлемді тағайындау және жузеге асыру тәртібі

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі балаларға ай сайынғы қосымша төлем балалардың жасын ескере отырып, ағымдағы тоқсанға бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі балалары бар атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тағайындалады және ай сайын төленеді.

38. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға арналған өтініште 1-қосымшаға сәйкес өтініш беруші бір жастан 6 жасты қоса алғанға дейінгі барлық балаларды, оның ішінде ағымдағы тоқсанда бір жасқа толған балаларды көрсетеді.

39. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау туралы шешімде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланың жасын ескере отырып, бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі балаларға ай сайынғы қосымша төлемді төлеу кезеңі көрсетіледі.

40. Бала қайтыс болған жағдайда бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы қосымша төлем бала қайтыс болған айға төленеді.

5-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Орталықтың және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 5-тараумен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.05.2020 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген кезде өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүргіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен өтініш берушінің шағымы оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары түрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда

көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде орталық атқарушы орган "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. "Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат беру" мемлекеттік қызметтің көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда өтініш беруші мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдепті органға шағыммен жүргінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдепті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүргінеді.

Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.06.2021 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек тағайындау және
төлеу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Халықты жұмыспен қамту орталығына _____
(елді мекен, аудан, облыс)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

мекенжайында тұратын (елді мекен, аудан)

(көшесі, үй және пәтер, телефон №)

жеке сәйкестендіру нөмірі _____

жеке басты куәландыратын құжат:

құжат түрі _____

құжат № /сериясы _____ берілген күні _____ кім берді _____

_____		Банк реквизиттері: Банктің атауы _____ Банк шоты № _____ Шоттың түрі: ағымдағы _____
<input type="checkbox"/>	Электрондық ақшаның электрондық әмиянына _____	

Менің _____ адамнан тұратын отбасыма:
(белгі қойылсын)

шартсыз ақшалай көмек	<input type="checkbox"/>
шартты ақшалай көмек (бір жолғы/ай сайынғы) (кәжетінің асты сызылсын)	<input type="checkbox"/>

Жеті жасқа дейінгі балалардың тізімі:

(АӘТ, туған жылы)

түріндегі атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды) сұраймын, сондай-ақ мені және (немесе) менің отбасымның еңбекке қабілетті мүшелерін халықты жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуға жіберуді сұраймын.

Сонымен қатар маған және менің отбасымның мүшелеріне әлеуметтік бейімдеу шараларын көрсету мүмкіндігін қарауды сұраймын.

Менің отбасымның құрамы мынадай:

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңың 4-бабына сәйкес бір мекенжай бойынша тіркелген өтініш беруші мен отбасы құрамына кіретін адамдар туралы мәліметтер, сондай-ақ "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңың 4-бабына сәйкес бірге тұру фактісі талап етілмейтін отбасы мүшелері туралы мәліметтер:

Жеке сәйкестендіру нөмірі №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Тұыстық қатынастарды	Мәртебесі (жұмыс істейді, жұмыс істейтін зейнеткер, жасы бойынша зейнеткер, мүгедектігі бар адам, жұмыссыз, бала күтімі бойынша демалыста, үй шаруашылығындағы адам, студент, оқушы, мектепке дейінгі оқушы)	Жұмыс істейтіндердің жұмыс орны және кызметі, қазіргі кезде (мектептегі оқу сыйбы) мектепке дейінгі үйымдардағы балалардың оқу орны	15 жастан асқан адамдардың білімі (диплом бойынша мамандығы)	3-тоқсанда 31 тамызға дейін өтініш білдірген кезде мектепте оқытын балаларға бір атау таңдау мектеп формасы (МФ) жиынтығы немесе спорттық костюм (СК) көрсету
-----------------------------	-------------------------------------	------------	----------------------	--	---	--	---

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңың 4-бабына сәйкес басқа мекенжай* бойынша тіркелген отбасы құрамына кіретін адамдар туралы мәліметтер, сондай-ақ "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңың 4-бабына сәйкес бірге тұру фактісі талап етілмейтін отбасы мүшелері туралы мәліметтер:

Ескертпе:

* бірге тұратын, ортақ шаруашылық жүргізетін және бір елді мекенде тіркелген отбасы мүшелері көрсетіледі.

20 __ жылғы __ тоқсанда менің отбасымның табысы келесідей:

	Құжатпен расталған табыс сомалары	Мәлімделген басқа табыстар
--	-----------------------------------	----------------------------

Отбасы мүшелерінің тегі, аты, экесінің аты (бар болса)	Жұмыс, окуорны	Еңбекке ақытөлеу бойынша	Зейнетакы, жәрдемақы және басқа төлемдер	Алименттер	Кәсіпкерлік қызметтен, басқа да қызметтерден	Табыстың өзге түрлері
--	----------------	--------------------------	--	------------	--	-----------------------

Жеке қосалқы шаруашылық жүргізу туралы:

Жеке қосалқы шаруашылық объектісі	Өлшем бірлігі	Саны	Жасы (үй малының, құстың)
Саяжай			
Бақша			
Жер участкесі, оның ішінде үй жанындағы			
Шартты жер үлесі			
Мұліктік пай (берілген жылды)			
Үй малы, құсы:			
Ірі қара: сиыр, бұқа			
бие, айғыр			
түйе			
қой, ешкі			
тауық, үйрек, каз			
шошқа			

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту үшін қажетті менің дербес мәліметтерімді, жиырма таңбалық ағымдығы есепшоттың номірін (IBAN коды), жинақтауға және өндеге, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Осы арқылы жобаға қатысу заңдылығын бағалау үшін "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңының 4-бабына сәйкес отбасы құрамына кіретін адамдар (өзімді қоса алғанда) туралы ақпаратты (табысы, білімі, тұрғылықты жері, отбасылық жағдайы) пайдалануға, сондай-ақ менің мүдделерім бойынша атаулы әлеуметтік көмек алушы ретіндегі мәртебем өзім көрсеткен ақпараттарды және ақпараттық жүйелерден алынған ақпаратты пайдалануға (беру), келісім білдіремін.

Мен атаулы әлеуметтік көмек алушы ретінде мәртебем туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге келісімді беремін және хабардармын.

Мен ұсынған деректерде өзгерістер және (немесе) атаулы әлеуметтік көмек алу құқығына әсер ететін мән-жайлар туындаған жағдайда олар туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауга міндеттенемін.

Жалған ақпарат пен дәйектіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауапқа тартылатыным туралы ескертілді.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін жеке банк шотын немесе электрондық ақшаның электрондық әмиянын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны, оның ішінде электрондық әмияндардағы электрондық ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жүргінуіне жол берілмейтіні туралы хабардар етілді.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

телефон _____ ұялы телефон _____ Е-mail _____

20 ____ жылғы "____" _____

(күні) (өтініш берушінің қолы)

Халықты жұмыспен қамту орталығының қызметтік белгілері үшін

Құжаттар қабылданды

20 ____ жылғы "____" _____

— (Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
лауазымы, қолы)

Өтініш берушінің (отбасының) тіркеу нөмірі _____

Өтініш қоса берілген құжаттармен участекелік комиссияға берілді:

20 ____ жылғы "____" _____

— (Құжаттарды тапсыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

20 ____ жылғы "____" _____ участекелік комиссия өтінішті қоса берілген
құжаттармен қабылдады

— (Құжаттарды қабылдаған участекелік комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің
аты (бар болса) және қолы)

20 ____ жылғы "____" _____ участекелік комиссиядан өтінішті қоса
берілген құжаттармен қабылданды

— (Құжаттарды жеткізуінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

Халықты жұмыспен қамту орталығының кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен
өтініш берушінің құжаттарын қабылдаған күні 20 ____ жылғы "____"

(Күжаттарды жеткізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
лауазымы, қолы)

(Күжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
лауазымы, қолы)

(ұзбелі талонның қиу сзығы)

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) қүжаттар бергенім үшін жауаптылық
туралы ескертілдім.

Азамат (ша) _____ өтініші қоса берілген _____
данадағы

қүжаттармен, отбасының _____ тіркеу нөмірімен
20 ____ жылғы "____" _____ қабылданды.

— Күжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
лауазымы, қолы

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек тағайындау және
төлеу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік
корғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 ____ жылғы "____" _____ №_____ қолхат

Халықты жұмыспен қамту орталығы _____
(елді мекен, аудан, облыс)

Азаматқа (шаға) _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні 20 ____ жылғы "____" _____

Жүргінген күні 20 ____ жылғы "____" _____

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы өтініштерді қабылдаудан бас
тартылды:

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттардың дәйексіздігі анықталған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен жағдайын анықтау;

ақпараттық жүйелерде атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, төлеу немесе өтініш беру фактісін растайтын мәліметтердің болуы;

(жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) лауазымы және қолы)

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік

көмек тағайындау және

төлеу қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініштерді тіркеу журналы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

P/c №	Отбасының тіркеу номірі	Өтініш қабылдау күні	Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Өтініш берушінің мекен жайы	Участекілік комиссия қарауына берілген күні	Участекілік комиссияд а қорытынды қабылдаған күн	Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өнірлік комиссияның қарауына жолданған күн	Жұмыс пен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өнірлік комиссиядан ұсыным алынған күн
----------	-------------------------	----------------------	--	-----------------------------	---	--	--	---

кестенің жалғасы

Әлеуметтік келісімша рт жасау номірі мен күні	Уәкілетті органға өтініш берушінің құжаттар пакеті косылған шешім	Атаулы әлеуметтік көмек түрі (шартты/ шартсыз)	Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау (төлем мөлшерін өзгерту, төлеуді тоқтата тұру, төлеуді тоқтату, тағайындаудан бас	Тағайындау кезеңі (аймен көрсетілсін)	Отбасыға тағайындау кезеңі (лған төлемнің жалпы соммасы (тенге))	Қосымша келісім бойынша тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы уәкілетті орган	Отбасыға тағайындаудан төлемнің
---	---	--	--	---------------------------------------	--	--	---------------------------------

жобасын жолдаған күн	тарту) туралы шешімнің күні			шешімінің күні	жалпы сомасы
----------------------------	--------------------------------------	--	--	-------------------	-----------------

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек тағайындау және
толеу қагидаларына
3-1 қосымша
Нысан

Отініштерді тіркеудің электрондық журналы

Ескерту. 3-1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

отініш №	Отініштің тіркелген күні	Отініш берушінің жеке сәйкестендіру номірі	Отініш берушінің тегі, аты, экесінің аты (бар болса)	Отініш берушінің тұрғылықты мекенжайы	Участкелік комиссияның қарауына беру күні	Участкелік комиссиядаң қорытындының қабылдау күні	Жұмыспен қамту мәселелері	Жұмыспен қамту мәселелері	Әлеуметтік жөніндегі аудандық (қалалық) арттың немесе өнірлік комиссияның қарауына жіберілген күні
----------	--------------------------	--	--	---------------------------------------	---	---	---------------------------	---------------------------	--

Кестенің жалғасы

Отініш берушінің құжаттар пакетімен шешім жобасын уәкілетті органға жолдау күні	Атаулы әлеуметтік көмектің түрі (шартсыз / шартты)	Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (төлем мөлшерін езгерту, төлемді тоқтата түрү, төлемді тоқтату, тағайындау дан бастарту) туралы шешімнің күні	Тағайындау кезеңі (аймен көрсету)	Отбасына тағайындалған төлемнің жалпы сомасы (тенгемен)	Косымша келісімнің номірі және жасалған күні	Уәкілетті органның қосымша келісім бойынша тағайындау немесе тағайындау дан бастарту туралы шешімнің күні	Отбасына тағайындалған төлемнің жалпы сомасы (тенгемен)
---	--	--	-----------------------------------	---	--	---	---

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек тағайындау және

Ескерту. 4-қосымша жана редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Участекілік комиссияның 20__ жылғы "___" № ____ қорытындысы

Участекілік комиссия "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес отбасының (өтініш берушінің)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттардың және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде отбасына (тұлғаға) қажеттіліктің болмауы, шартты/шартсыз ақшалай көмек түрінде (біржолғы/ай сайын) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету

(қажетінің асты сызылсын)

туралы (қажеттілігі, қажет еместігі) қорытынды шығарды.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

____ данада қоса берілген құжаттармен қорытынды

20__ жылғы "___" ____ қабылданды.

халықты жұмыспен қамту орталығы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, қолы _____

немесе өтініш беруші ауылдық елді мекенде тұрған жағдайда, құжаттарды қабылдаған

кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қолы.

Участекілік комиссияның
20__ жылғы "___" ____ № ____
корытындысына
қосымша
Нысан

Участелік комиссияның атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру актісі

20 __ жылғы " __ "
(елді мекен)

1. Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

2. Тұрғылықты мекенжайы

3. Жұмыс орны, лауазымы

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар ескеріледі)

адам, оның ішінде:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Білімі	Жұмысы, (жұмыс, оқу орны, тәуелсіз қызметкер, жұмыссыз)	Жұмыссыз дықтың себебі	Жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту органдары н да тіркелуі туралы деректер	Коғамдық жұмыстарға, кәсіптік дайындықка (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтулық мемлекеттік шараларына қатысуы туралы мәліметтер
---	-------------------------------------	------------	----------------------------------	--------	--	------------------------	---	--

Еңбекке қабілетті адамдардың барлығы _____.

Жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар _____.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген себептер бойынша жұмыссыз _____ адам.

Жұмыссыздықтың басқа да себептері (іздеуде, бас бостандығынан айыру орындарында) _____ адам.

Кәмелетке толмаған балалардың саны _____ адам, оның ішінде:
мемлекеттің толық қамтамасыз етуімен оқитындар _____ адам;
жоғары және арнайы орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар - _____
адам, окушыға оқудың бір жылдық құны _____ теңге.

5. Тұру жағдайы (жатақхана, жалдамалы, жекешелендірілген тұрғын үй,
қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе басқасы) (
қажетінің асты сыйылсын)

— Ас үйді, қойманы және дәлізді қоспағанда бөлмелер саны _____

Тұрғын үйді бір айда ұстап тұру шығындары _____

6. Отбасының табысы:

№	Табысы бар отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (оның ішінде өтініш берушінің)	Табыс түрі	Жүгінген тоқсан алдындағы тоқсандық сомасы	Жеке қосалқы шаруашылық (аула алдындағы участке, мал мен құс), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
---	--	------------	--	--

7. Бар-жоғы:

автокөліктің (маркасы, шығарылған жылды, құқық беретін құжат, оны пайдаланудан

түскен табыс) _____ өзге тұрғын үй, қазіргі уақытта тұрып

жатқанды қоспағанда (оны пайдаланудан түскен табыс)

8. Отбасының өзге табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Мұқтаждық көрінісінің белгілері

10. Эл-ауқаты көрінетін белгілері

11. Санитариялық-эпидемиологиялық тұру жағдайы

12. Участкелік комиссияның басқа байқаулары:

13. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждықтың болмауы Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 29-е бүйрекшімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5562 болып тіркелген) бекітілген Өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждықты айқындау критерийлеріне сәйкес айқындалады.

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

Жасалған актімен таныстыым:

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

Тексеруден бас тартамын

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы
(немесе отбасының басқа мүшелері).

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек тағайындау және
төлеу қағидаларына
5 қосымша

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Коды _____

Облыс (қала) _____

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (төлем мөлшерін өзгерту, төлемді тоқтата тұру,

төлемді тоқтату, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім

_____ (ауданы/қала) бойынша

20__ жылғы ____ № ____

Отбасы ісін тіркеу № ____

Өтініштің күні/нөмірі ____

Өтініш беруші ____

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жүргінген күні 20__ жылғы "___" ____

Жеке сәйкестендіру нөмірі ____

Өтініш берушінің тұрғылықты жері _____

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға есептер:

Отбасындағы адамдардың саны: _____

_____ жылғы _____ тоқсандағы отбасының табысы

1. _____ теңге

2. _____ теңге

3. _____ теңге

Отбасының тоқсандағы жалпы табысы _____ теңге

Отбасының орташа айлық табысы: _____ теңге

Айлар бойынша АӘК тағайындау:

Р/с №	Айы	Бір адамға мөлшері	Жалпы тағайындалды	
			Адам	Сомасы

Адамға (отбасына) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау 20__ жылғы "___"

бастап 20__ жылғы "___" ____ дейін сомасы _____ теңге сомасында тағайындалады.

(шартты/шартсыз ақшалай көмек - қажеті жазылсын)

(сомасы жазбаша)

Бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға қоса алғанда ай сайынғы қосымша төлем тағайындалсын

Баланың А.Ә.Т.	ЖСН	Ай бойынша төлем сомасы, теңге			Барлығы тоқсанға тағайындалды, теңге
		1-і ай	2-і ай	3-і ай	

Төлемнің жалпы сомасы: с _____ 20__ жыл бойынша _____
20__ жыл сомасында _____ теңге.

2. Атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін өзгерту 20__ жылғы "___" _____
бастап

20__ жылғы "___" _____ дейін өзгертілсін және _____ теңге
сомасында белгіленсін.

(шартты/шартсыз ақшалай көмек - қажеті жазылсын)

(сомасы жазбаша)

(негіздеме)

3. _____ атаулы әлеуметтік көмек төлемін тоқтата тұру
(шартты / шартсыз ақшалай көмек - қажеті жазылсын)

20__ ж. _____ (негіз)

4. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды (шартты/шартсыз ақшалай көмек - қажеті жазылсын) тоқтату

_____ (негіздеме)

* "Иә" сөзі қойылады

5. Атаулы әлеуметтік тағайындаудан бас тарту (шартты / шартсыз ақшалай көмек - қажеті жазылсын)

көмек _____

_____ (негіз)

Аудандық (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы

_____ (Тегі, аты, экесінің аты (бар болса) (қолы))

Аудандық (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің маманы

_____ (Тегі, аты, экесінің аты (бар болса) (қолы))

Шешім жобасы дайындалған:

Аудандық / қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры

_____ (Тегі, аты, экесінің аты (бар болса) (қолы))

Жұмыспен қамту орталығының құрылымдық бөлімінің бастығы

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Жұмыспен қамту орталығының маманы

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек тағайындау және
төлеу қағидаларына
6 қосымша

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Әлеуметтік келісімшарт _____ № ____ 20 ____ жылғы "____"
(корытынды орны)

_____ атынан _____,
(халықты жұмыспен қамту орталығының атауы) болуы),
(халықты жұмыспен қамту орталығы өкілінің лауазымы)

бұдан әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын, бір жағынан және шартты ақшалай көмек тағайындауға өтініш беруші (бұдан әрі – ШАК) одан әрі ШАК тағайындауға өтініш беруші деп аталатын _____ мекенжайы бойынша тұратын азамат (ша) өзге тараптан төмендегі ШАК төлеуге осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – келісімшарт) жасасты.

1. Келісімшарттың мәні

1. Осы әлеуметтік келісімшартқа қосымшаға сәйкес келісімшартқа ажырамас қосымша болып табылатын отбасының (адамның) өмірлік қыын жағдайдан шығуына арналған жеке жоспарға (бұдан әрі – Жеке жоспар) сәйкес өтініш берушінің өмірлік қыын жағдайдан шығуына жәрдемдесу арқылы Тараптардың қатынастарын реттеу келісімшарттың мәні болып табылады.

2. Келісімшарт тараптарының міндеттері

2. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

- 1) ШАК тағайындауға өтініш берушіге консультациялық қызмет көрсетуге;
- 2) әлеуметтік келісімшартты іске асыру кезеңінде әңгімелесуді өткізу, қажетті күжаттарды толтыруға жәрдемдесу, жұмыс іздеу, ассистентті/консультантты тарта отырып келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау жолымен отбасын сүйемелдеуге;

3) Жеке жоспарға сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу (қажет болған жағдайда) жөніндегі іс-шараларды ұсынуды ұйымдастыруға;

4) Жеке жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруға тартылған басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

5) отбасының (адамның) өзін-өзі қамтамасыз етуге шығуна жәрдемдесуге және келісімшарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде ілесіп жүруді қамтамасыз етуге;

6) ассистенттерді/консультанттарды тарта отырып, қатысуышының және (немесе) оның отбасы мүшелерінің жеке жоспарды орындау жөніндегі келісімшарт міндеттемелерін орындауына ай сайынғы мониторинг жүргізуге міндеттенеді

3. ШАК тағайындауға өтініш беруші және оның отбасы мүшелері:

1) келісімшарт талаптарын және жеке жоспар бойынша іс-шараларды толық көлемде орындауды және өмірлік қызын жағдайдан шығу бойынша белсенді іс-қимыл жасайды;

2) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу нәтижесінде халықты жұмыспен қамту орталығы ұсынған жұмыс орнына жұмыска орналасады;

3) Жеке жоспарда жоспарланған әлеуметтік бейімдеу бойынша іс-шараларды орындауды;

4) халықты жұмыспен қамту орталығына шартты ақшалай көмекті тағайындауға және оның мөлшеріне әсер ететін мән-жайлардың басталғаны туралы, сондай-ақ банк шоты және (немесе) тұрғылықты жері нөмірінің өзгеруі туралы (тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен бірге) көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақпарат береді;

5) халықты жұмыспен қамту орталығына немесе аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне осы келісімшартта көзделген міндеттемелердің орындалуын мониторингілеу үшін қажетті құжаттар мен материалдарды уақтылы және толық көлемде ұсынады;

5-1) алынған бір жолғы шартталған ақшалай көмекті нысаналы пайдалану бойынша және әлеуметтік келісімшартта белгіленген біржолғы төлемді нысаналы пайдалану мерзімі өткеннен кейін бір жұмыс күні ішінде ассистентті (консультантты) біржолғы шартты ақшалай көмекті нысаналы пайдалану туралы хабардар етуге және оған растайтын құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқаларын ұсынуға міндеттенеді.

6) пайдаланылмаған немесе нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған ақша қаражатын, оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаны, сондай-ақ заңсыз алынған қаражатты,

оның ішінде ШАК-тың заңсыз тағайындалуына алып келген дәйектер мәліметтер ұсыну анықталған жағдайда өтейді.

3. Келісімшарт тараптарының құқықтары

4. Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы:

1) үшінші тұлғалардан (мемлекеттік кіріс органдары мен басқа да ұйымдар мен мекемелерден) ШАК алуға өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің кірістері мен мұлкі туралы, оның ішінде банктік шоттардағы ақша, электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақша қозғалысы туралы қосымша мәліметтерді, сондай-ақ қатысушыны осы Келісімшарт бойынша оның міндеттемелерін орындауды мәніне тексеру үшін әлеуметтік бейімдеу шараларын алу туралы мәліметтерді сұратады;

2) егер өтініш беруші, отбасы келісімшарттың міндеттемелерін орындауда, ШАК төлеуді қайта есептеу, тоқтата тұру, тоқтату туралы уәкілетті орган шешімінің жобасын дайындау үшін алынған ақпаратты пайдаланады;

3) келісімшарт талаптарының уақтылы және тиісті орындалуын талап етеді және бақылайды;

4) келісімшарт шеңберінде өзге де мәселелерді шешеді.

5. Өтініш беруші ШАК тағайындауға және оның отбасы мүшелерінің:

1) әлеуметтік қолдау шараларын алуға;
2) жеке жоспардың іс-шараларын орындауға байланысты консультациялар мен ақпарат алуға;

3) аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің және халықты жұмыспен қамту орталығының іс-әрекетіне жоғары тұрған жергілікті атқарушы органдарға, сондай-ақ сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар.

4. Тараптардың келісімшарт талаптарын орындағаны үшін жауаптылығы

6. Халықты жұмыспен қамту орталығы отбасына (адамға) осы келісімшартта және Жеке жоспарда көзделген көлемде әлеуметтік қолдау көрсетуге жауапты болады.

7. Шартты ақшалай көмек алушылармен әлеуметтік келісімшарт табысы аз адам (отбасы) әлеуметтік келісімшарт талаптарын және Жеке жоспар іс-шараларын толық көлемде орындаған, сондай-ақ шартты ақшалай көмекті заңсыз тағайындауға алып келген жалған мәліметтер ұсынылған кезде бұзылады.

Әлеуметтік келісімшартты бұзу адамға (отбасына) шартты ақшалай көмек төлеуді тоқтатуға негіз болып табылады.

8. ШАК тағайындауға өтініш берген өтініш беруші мен оның отбасы мүшелері шартты ақшалай көмекті тағайындауға өтініште көрсетілген жалған

немесе толық емес мәліметтерді бергені үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапты болады.

9. Келісімшарт талаптарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5. Күтпеген жағдайлар

10. Тараптар су тасқыны, жер сілкінісі, жарылыстар, дауылдар, індеттер, эпизоотиялар, дүлей өрттер, ереуілдер, соғыс, көтерілістер сияқты осы келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған төтенше жағдайлар немесе еңсерілмейтін күш жағдайлары жағдайында міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

11. Күтпеген жағдайлар туындаған кезде осы Келісімшартқа сәйкес қандай да бір міндеттемелерді орындау осындай жағдайлардың туындауына байланысты мүмкін болмаған тарап күтпеген жағдайлар басталған немесе тоқтатылған сэттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

12. Осы келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі күтпеген мән-жайлар, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлар әрекет еткен уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады.

13. Егер күтпеген жағдайлардың туындауына байланысты тараптардың осы келісімшарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі _____ (кезеңін көрсету) астам болса, онда тараптар осы келісімшартты бұзуга құқылы.

6. Өзге шарттар

14. Келісімшартқа қосымша келісімге қол қою арқылы тараптардың келісімі бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

15. Келісімшарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 20 _____ жылғы "___" _____ әрекет етеді .

16. Отбасы (адам) осы Келісім-шарттың талаптарын орындамаған кезде халықты жұмыспен қамту орталығы келісімшартты бір жақты тәртіппен бұзады.

17. Осы келісімшарт бірдей занды күші бар екі данада жасалды.

7. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

Халықты жұмыспен қамту орталығы	ШАҚ төлеуге өтініш беруші
(халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы) _____	(Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) _____

(мекенжайы, телефоны, факс) _____
 (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
 үәкілетті өкілдің)

 (қолы) Мөр орны

(жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын
 куәландыратын
 құжаттың нөмірі және күні, кім берді)

 (мекенжайы және телефоны) _____
 (қолы)

Әлеуметтік келісімшартқа қосымша

Отбасының (адамның) өмірлік қыын жағдайдан шығуы үшін жеке жоспар

Халықты жұмыспен қамту орталығы _____ аудан/қала

Көмек алушы: _____

—
 —
 —

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты мекенжайы)

Келісімшарттың қолданылу басталған күні _____

Келісімшарт қолданылуының аяқталған күні _____

Отбасының өмірлік қыын жағдайдан шығуы үшін _____

p/c №	Іс-шараның атауы	Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) шаралар корсетуді жоспарлаған адамдар	Білімі жоғары, арнаулы орта, орта	Берілген бағыт бойынша кәсіпорынның атауы	Кәсіпорынның БСН/ ЖСН	Іс-шараны орындауды бастау мерзімі

Ескертпе:

Халықты жұмыспен қамту орталығы атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге етініш білдірген адаммен және (немесе) оның отбасы мүшелерімен бірлесіп "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Занының 17-бабының 2-тармағында көзделген іс-шаралар бойынша не тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуға жасайды.

Атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге етініш берген адамға және (немесе) оның отбасы мүшелеріне берілетін әлеуметтік бейімдеу шаралары

№ п/п	Іс-шараның атауы	Іс-шаралар жоспарланатын адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Іс-шараны орындауды бастау мерзімі	Әлеуметтік бейімдеу шараларын ұсыну үшін негіздер

Ескертпе:

Осы бұйрыққа 7-қосымшада бекітілген әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шаралардың үлгі тізбесіне сәйкес көрсетілген іс-шаралардың қажеттілігіне қарай халықты жұмыспен қамту орталығы атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге отініш білдірген адаммен және (немесе) оның отбасы мүшелерімен бірлесіп толтырады.

Халықты жұмыспен қамту орталығы _____ (халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы) _____ (мекенжайы, телефоны, факс) _____ (Үәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____ (қолы) Мөрдің орны	ШАК төлеуге отініш беруші _____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) _____ (жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні, кім берді) _____ (мекенжайы және телефоны) _____ (қолы)
---	--

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек тағайындау және
төлеу қағидаларына
7 қосымша

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралардың үлгі тізбесі

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының тізбесі:

- 1) кәсіптік оқуға жіберу;
- 2) азаматтар мен қандастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу;
- 3) жастар практикасына жіберу;
- 4) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;

5) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу;

6) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру;

7) қоғамдық жұмыстар.

2. Әлеуметтік бейімдеу шараларының тізбесі:

1) "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабында айқындалған мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту шаралары;

2) "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өмірлік қызын жағдайда жүрген адамдарға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер;

3) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй көмегін көрсету;

4) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдарының шешімдерінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде әлеуметтік көмек көрсету;

5) мемлекеттің кепілдік берілген заң көмегін көрсету;

6) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркеу;

7) "Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бүйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21572 болып тіркелген), "Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 бүйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6490 болып тіркелген) сәйкес скринингтік тексеріп-қараудан өту;

8) "Әлеуметтік мәні бар аурулардан зардап шегетін азаматтарға ұсынылатын медициналық-әлеуметтік көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 285 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11226 болып тіркелген) бекітілген Әлеуметтік мәні бар аурулардан зардап шегетін азаматтарға ұсынылатын медициналық-әлеуметтік көмек көрсету қағидаларына сәйкес әлеуметтік мәні бар аурулар болған кезде емдеу;

9) жүктіліктің он екі аптасына дейін әйелдер консультациясында медициналық есепке қою және жүктіліктің барлық кезеңінде бақылау;

10) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі құнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек

алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсету;

11) мектеп жасына дейінгі балаларды (7 жасқа дейін) мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін кезекке қою;

12) білім беру ұйымдарында және мектептен тыс ұйымдарда балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру;

13) мүмкіндіктері шектеулі балаларды тексеру және психологиялық, медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету;

14) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен әлеуметтік қорғаудың және мемлекеттік қолдаудың өзге де шаралары.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік

көмек тағайындау және

төлеу қағидаларына

8 қосымша

Нысан

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ _____ хабарлама 20 _____ жылғы "—" _____
Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Өтініш берушінің туған күні 20 _____ жылғы

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау / тағайындаудан бас тарту туралы шешім

20 _____ жылғы "—" _____

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Сізге _____ сомасында атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған/тағайындаудан бас тартқан туралы хабарлайды:

жан басына шаққандағы кірістің кедейлік шегінен асуы;

өтініш берушінің, отбасы мүшесінің (мүшелерінің) участекелік комиссия отбасының материалдық жағдайына зерттеу жүргізуден бас тартуы;

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңың 2-бабының 2-тармағына сәйкес.

Күжаттарды қайтару күні 20__ жылғы "___"

Хабарлама жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жауапты адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған.

Уәкілетті органның басшысы _____

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Уәкілетті органның маманы

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Хабарламаның үзбелі түбіртегінің кесу сзығы, оқу орнында білім беру үйіміна ұсыну үшін, 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар бар атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған отбасылар үшін толтырылады)

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы № ____ хабарламаға № 1 түбіршек бастап 20__ жылғы "___"

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Кесу сзығы

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы бастап 20__ жылғы "___" № ____ хабарламаға № 2 түбіршек

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Кесу сзығы

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы № ____ хабарламаға № 3 түбіршек бастап "___" 20__ жыл

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек тағайындау және
төлеу қағидаларына
9 қосымша

Ескерту. 9-қосымша жана редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

20 __ жылғы _____ Халықты жұмыспен қамту орталығының № ____
____ қорытындысы
Отбасының тіркеу нөмірі _____
Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш беру күні 20 __ жылғы _____
____ бастап
Өтініш беруші: _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
Отбасы құрамында есепке алынғандар саны адам: _____,
оның ішінде еңбекке жарамды _____
Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларынан бас тартқан / 20 __ жылғы _____
____ № ____ жасалған әлеуметтік келісімшарт міндеттемелерін бұзған
еңбекке қабілетті адамның (-дардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____
____ (керегінің астын сыйзу) _____

Жұмыспен қамту шараларына қатысу жөніндегі іс-шаралардың ұсынылған атауы/әлеуметтік келісімшарттың бұзылған міндеттемесі (қажеттісінің астын сыйзу)): _____

Өтініш берушінің жұмысқа орналасуға жәрдемдесудің ұсынылған шараларын қарастыру нәтижелері бойынша қорытындысы (біреуін таңдаңыз):

енбекке қабілетті адамның (-дардың) жұмысқа орналасуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартуына байланысты, тағайындалған атаулы әлеуметтік көмек (атаулы әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тарту) адамға (отбасына) төлемдерді іс-шараларға қатысудан бас тартқан күннен бастап алты ай тоқтату туралы шешім жобасын қалыптастыру;

жасалған әлеуметтік келісімшарттың бұзылуына және (немесе) әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелердің орындалмауына байланысты, жасалған әлеуметтік бұзушылық жасалған күннен бастап алты ай ішінде адамға (отбасына) тағайындалған атаулы әлеуметтік көмек төлеуді (атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тарту) тоқтату туралы шешім жобасын әзірлеу. келісімшарт және (немесе) өз міндеттемелерін орындау;

көрінеу жалған ақпараттың және (немесе) атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін дәйексіз құжаттардың берілуінің анықталуына байланысты адамға (отбасына) тағайындалған атаулы әлеуметтік көмекті төлеуді (атаулы әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тартуды) тоқтату туралы шешімнің жобасын жеке тұлғаға (отбасына) тағайындалған күннен бастап алты ай мерзімге жасау.

Аудандық / қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Жұмыспен қамту орталығының құрылымдық бөлімінің бастығы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Жұмыспен қамту орталығының маманы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Өтініш беруші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек тағайындау және
төлеу қағидаларына
10 қосымша

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Атаулы әлеуметтік көмек төлемді тоқтату (мөлшерін өзгерту) туралы 20_____ жылғы "___" ____ №____ хабарлама

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган

Сіздің назарыңызға _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

20__ жылғы "___" ____ бастап атаулы әлеуметтік көмекті төлеуді тоқтату, оның мөлшерін өзгерту туралы (қажеттісінің астын сызу) жеткізеді

Себептер:

(себептерін көрсету)

Уәкілетті органның басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Уәкілетті органның маманы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік

көмек тағайындау және

төлеу қағидаларына

12 қосымша

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.02.2023 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Корсетілетін қызметті берушінің атауы	Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі, халықты жұмыспен қамту орталығы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.gov.kz (бұдан әрі – "портал"), ұялы байланыстың аборенттік күрүлғысы
3	Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі	Орталыққа жүгінген кезде – Орталық құжаттар топтамасын тіркеғен күннен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні Проактивтік қызмет көрсетілген кезде – адамның (отбасының) адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуге келісімін алған күннен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 18 (он сегіз) жұмыс күні Мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға сұрау салу ресімдеген жағдайда құжаттар топтамасын қалыптастыру мерзімі өтініш берушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейін тиісті мемлекеттік органдарға және (немесе) ұйымдарға сұрау салу келіп түскен күннен бастап еki жұмыс күні ішінде ұзартылады

		<p>2) Орталықта, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінде құжаттар топтамасын тапсыру үшін құтудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 30 минут</p> <p>3) Орталықта, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінде қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 30 минут</p>
4	Көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде/проактивті
5	Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі	<p>Орталық немесе әкім арқылы қағаз түрінде, сондай-ақ ұялы байланыс желілеріндегі абоненттік нөмірге хабарлама жіберу арқылы тағайындау туралы, ал бас тартылған жағдайда оның себептерін көрсете отырып, хабардар ету.</p> <p>Қызметті портал арқылы көрсеткен жағдайда – тағайындау туралы хабарлама, ал бас тартқан жағдайда – оның себептерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" уәкілетті органның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында</p>
6	Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оларды өндіріп алу тәсілдері	<p>Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.</p>
		<p>1) Орталықта – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес сағат 12.30, 13.00-ден 14.00, 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 08.30, 9.00-ден 18.00, 18.30-ға дейін;</p> <p>2) кент, ауыл, ауылдық округ әкімінде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.00 -ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін.</p> <p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету</p>

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі

нәтижесін беру – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетуісіз кезектілік тәртібінде көрсетіледі.

3) "порталда" – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Халықты жұмыспен қамту орталығына Мемлекеттік қызмет көрсету үшін жүгінген кезде өтінішті алғаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші мынадай:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын, оның ішінде цифрлық құжаттар сервисінен (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- 2) қандас мәртебесі туралы;
- 3) босқын мәртебесі туралы;
- 4) шетелдік мәртебесі туралы;
- 5) азаматтығы жоқ адам мәртебесі туралы;
- 6) отбасының әрбір мүшесіне тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы;
- 7) жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік деректемелер туралы;
- 8) мүгедектік белгілеу туралы;
- 9) баланың (барлық балаларға) тууын (қайтыс болуын) тіркеу туралы;
- 10) қорғаншылық (камкоршылық) белгілеу туралы;
- 11) бала асырап алу туралы;

- 12) некені (ерлі-зайыптылықты) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркеу жағдайларын қоспағанда, неке (ерлі-зайыптылықты) қиоды (некені бұзуды) тіркеу туралы;
- 13) егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі асырауындағылар күндізгі оку нысанының білім алушылары болып табылса - оку орнында оку фактісі туралы;
- 14) табыс туралы (жалақы, әлеуметтік төлемдер, кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті жалға беруден, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті сатудан түскен табыстар);
- 15) дара кәсіпкердің мәртебесі туралы;
- 16) өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактісінің болуы туралы;
- 17) жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы;
- 18) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін еңбек қызметі туралы (бар болса);
- 19) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін білімі, біліктілігі, арнағы білімінің немесе кәсіптік даярлығының (бар болса) болуы туралы;
- 20) атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінер алдындағы үш ай қатарынан алимент туралы және (немесе) ол бойынша берешектің болуы туралы;
- 21) өтініш берушінің отбасы мүшелерінің бас бостандығынан

айыру немесе мәжбүрлеп емдеу орындарында болуы туралы;

22) меншігінде тұрғын үй, үй-жайдың болуы туралы;

23) меншігінде жеке тұрғын үй құрылсынына арналған жер участкесінің болуы туралы;

24) меншігінде автокөлік құралының болуы туралы мәліметтер алу үшін "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдар мен үйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі - ақпараттық жүйелер) сұрау салуды қалыптастырады.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда әкім немесе Орталық тиісті мемлекеттік органға және (немесе) үйымға жазбаша сұрау салуды ресімдейді.

Өтініш беруші жоғарыда көрсетілген құжаттарды қағаз жеткізгіште ұсынуға құқылы.

Өтініш берген кезде көрсетілетін өтініш берушіге Орталықта, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі - тіркеу күні және мемлекеттік қызметті алу күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген өтініштің ұзбелі талоны беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдалануышының ұялы байланысының абоненттік номірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде кысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Порталға:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық үкімет порталы

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

арқылы атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш; көрсетілетін қызметті алушы мен оның отбасы мүшелерінің жеке басын қуәландыратын құжаттың, қандастың мәртебесі туралы, босқын мәртебесі туралы, шетелдіктің мәртебесі туралы, азаматтығы жоқ адамның мәртебесі туралы, отбасының әрбір мүшесіне тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтер; жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік деректемелері туралы; мүгедектікті белгілеу туралы; баланың (барлық балаларға) тууын (қайтыс болуын) тіркеу туралы; қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы; бала асырап алу туралы; некені (ерлі-зайыптылықты) одан тыс жерлерде тіркеу жағдайларын қоспағанда, неке қиуды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу туралы; егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі асырауындағылар күндізгі оку нысанының білім алушылары болып табылса – оку орнында оку фактісі туралы; табыстар туралы (жалақы, әлеуметтік төлемдер, кәсіпкерлік қызметтен, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мұлікті жалға беруден, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мұлікті сатудан түскен табыстар), дара кәсіпкердің мәртебесі туралы, өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактісінің болуы туралы әлеуметтік көмек, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін жеке қосалқы шаруашылығының болуы туралы, еңбек қызметі (бар болса) туралы; жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің

белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабилетті мүшелері үшін білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының (бар болса) болуы туралы; алименттер және (немесе) оларды алмастыратын адамдар туралы атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш білдірген тоқсаның алдындағы үш ай қатарынан олар бойынша берешектің болуы туралы; өтініш берушінің отбасы мүшелерінің бас бостандығынан айыру немесе мәжбүрлеп емдеу орындарында болуы туралы; меншігінде тұрғын үйдің,

үй-жайлардың болуы туралы, меншігінде жеке тұрғын үй құрылсына арналған жер учаскесінің болуы туралы, меншігінде көлік құралының болуы туралы көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушілер іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланыс абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, бір реттік парольді беру арқылы немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Проактивтік қызмет көрсетілген кезде:

мемлекеттік қызметті көрсету үшін – көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банк шотының нөмірін растау немесе ұсыну.

Көрсетілетін қызметті алушының және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын

күжаттың, қандас мәртебесі туралы, босқын мәртебесі туралы, шетелдік мәртебесі туралы, азаматтығы жоқ адам мәртебесі туралы, отбасының әрбір мүшесіне тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы, мүгедектік белгілеу туралы, баланың тууын (қайтыс болуын) (барлық балаларға) тіркеу туралы, қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы, бала асырап алу туралы, Казақстан Республикасынан тыс жерлерде некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу жағдайларын қоспағанда, некені (ерлі-зайыптылықты) киоды (бұзуды) тіркеу туралы, егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі асырауындағылар күндізгі оқу нысанының білім алушылары болып табылса - оқу орнында оқу фактісі туралы, табыс туралы (жалақы, әлеуметтік төлемдер, кәсіпкерлік қызметтен түсken табыстар, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті жалға беруден, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті сатудан түсken табыстар); дара кәсіпкердің мәртебесі туралы, өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, төлеу немесе оны тағайындауга өтініш беру фактісінің болуы туралы, жеке қосалқы шаруашылығының болуы туралы, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін еңбек қызметі туралы (бар болса), жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының (бар болса) болуы туралы, атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы қатарынан

үш ай ішінде алимент және (немесе) олар бойынша берешегінің болуы туралы, бас бостандығынан айыру орындарында болуы немесе өтініш берушінің отбасы мүшелерін мәжбүрлеп емдеу туралы, меншігінде тұрғын үйдің, үй-жайлардың болуы туралы, меншігінде жеке тұрғын үй құрылсына арналған жер участкесінің болуы туралы, меншігінде автокөлік құралының болуы туралы мәліметтерді, электрондық өтініште көрсетілген банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен портал хабарламасына жауап ретінде қыска мәтіндік хабар жіберу арқылы пайдалануышының порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда алады.

Көрсетілетін қызметті беруші:

1) табысы аз адамдар болып табылмайтын адамдарға (отбасыларға);

2) "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246 Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 6-тармағында көрсетілген, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысадан бас тартқан адамдарды қоспағанда, еңбекке қабілетті мүшесі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысадан бас тартқан отбасына – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысадан бас тартқан күннен бастап алты ай ішінде;

9	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген негіздер</p>	<p>3) бұрын жасалған әлеуметтік келісімшарт бұзылған және (немесе) әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелер алушының кінәсінен орындалмаған жағдайда адамға (отбасына) – атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінер алдындағы алты ай ішінде;</p> <p>4) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін көрінеу жалған ақпарат және (немесе) дәйектік күжаттар ұсынған адамдарға (отбасыларға) - ұсынған күнінен бастап алты ай ішінде;</p> <p>5) учаскелік комиссияның материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша дайындалған қорытындысына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге мүқтаж емес адамдарға (отбасыларға) мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде электрондық нысанда ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінде www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>Өтініш беруші қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мәртебесі туралы акпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы ала алады.</p>
		<p>Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІ қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобиЛЬДІ қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөлімінде өтіп, қажетті құжатты тандау қажет.</p>

Көрсетілетін қызметті алушының
ЭЦҚ болған жағдайда, жәрдемақы
тағайындау туралы ақпаратты
портал арқылы электрондық
нысанда алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек тағайындау және төлеу
және кепілдік берілген
әлеуметтік топтаманы ұсыну
қағидаларына
13-қосымша

Ескерту. 13-қосымшада оң жақ жоғары бұрыш жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 23.12.2021 № 487 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

Уәкілдегі органға (кент, ауыл,
ауылдық округ әкіміне)

(елді мекен, аудан, облыс)

мекенжайы бойынша тұратын
(елді мекен, аудан)

(көше, үйдің және пәтердің №,
телефон)

(Өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)
Жеке басты қуәландыратын
құжаттың
№ _____ кім берген _____
берілген күні _____

Өтініш

Ескерту. 13-қосымшамен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.05.2020 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.06.2021 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүқтарымен.

көмек тағайындау және
төлеу қағидаларына
14-қосымша

Ескерту. 14-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Отініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілі	"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	порталға жіберген күннен бастап – 15 минут
4	Көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Отініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін (тиесілі еместігін) растайтын ақпарат
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) Орталықта – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес сағат 12.30, 13.00-ден 14.00, 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 08.30, 9.00-ден 18.00, 18.30-ға дейін; 2) кент, ауыл, ауылдық округ әкімінде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.00 -ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін. 3) " порталда" – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан

		Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етіletіn құжаттар мен мәліметтердіn тізбесi	Жеке тұлға үшін: адамның атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпаратты беруге келісімі не келіспеуі " порталдағы "жеке кабинет" арқылы сұратылады, немесе мобиЛЬДІ азаматтар базасында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөміріне бір реттік парольді пайдалана отырып, " портал" хабарламасына жауап ретінде sms-хабарлама жіберу арқылы
9	Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Жоқ
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетіletіn қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Өтініш берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты көрсетіletіn қызметті алушының "Электрондық үкімет" порталындағы "жеке кабинетінен" алуға мүмкіндігі бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК